

**Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының
«Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
талдамалық анықтамасы»**

« 29 » мамыр 2026 жыл

Қызылорда қаласы

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. «Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК-дағы *(әрі қарай - Орталық)* қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген *(өзгерістер енгізу туралы)* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Кәсіпорынның 2026 жылғы 15 қаңтардағы №41-н/қ бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

1) Жаппасбаева Жулдыз Айтугановна - Бас дәрігерінің пациенттерді қолдау және медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары, топ жетекшісі;

2) Байменов Бақытхан Төлегенович – заңгер, топ мүшесі;

3) Усенов Бақытжан Сагидуллаевич - заңгер, топ мүшесі;

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдаумен 2025 жылдың 12-і айы қамтылды.

5. Кәсіпорын Бас дәрігерінің пациенттерді қолдау және медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Ж.А. Жаппасбаеваға топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктеледі.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Орталықтың құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- Орталықтың құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Орталықта штат бойынша барлығы 550 жұмыскер қызмет атқарады.

Орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан республикасының Заңдарын, Президенті мен Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Орталықтың Жарғысын басшылыққа алады.

Орталықта 18 құрылымдық бөлімше жұмыс жасайды:

- Әкімшілік
- Адами-ресурстарды басқару бөлімі
- Есеп және экономика бөлімі
- Жалпы аурухана қызметкерлері
- Ұйымдастыру – әдістемелік және медициналық статистика бөлімі
- Клиникалық - диагностикалық зертхана
- Жүктілер патологиясы
- №1 акушерлік бөлімшесі
- №2 акушерлік бөлімшесі
- Реанимация және қарқынды терапия бөлімі
- Ота блогі бар қабылдау бөлімі
- Неонаталды блок
- Гинекология
- Шаруашылық бөлімі
- Инфекциялық бақылау бөлім
- Дәріханасы бар госпиталді фармация бөлімі
- Әйелдер консультация бөлімі
- Күндізгі стационар

Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, 12 ғимараты.

II. Орталық қызметіне, оны ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Қазақстан Республикасының Кодекстерін, заңдарын, нормативтік құқықтық актілерін, Кәсіпорынның өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерін зерделеді.

Орталық өз қызметінде келесідей нормативтік құқықтық актілерін пайдаланады:

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;
- «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі»;

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы;

- ҚР ДСМ 02.10.2020 жылғы №113/2020, ҚР ДСМ 20.10.2020 жылғы №140/2020 мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықтары.

Талдау жүргізу нәтижесінде:

Қызметкерлердің еңбек шарттары мен лауазымдық міндеттері толықтай қамтылған. Бірыңғай үлгідегі еңбек шарты 2 данада толтырылып, барлық қызметкерлерге таратылған.

Жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлер Қызылорда қалалық жұмыспен қамту орталығының жолдамасы және Еңбек электрондық биржа бойынша түйіндеме арқылы қабылданған. Мерзімдері бір-біріне сәйкес, алшақтық жоқ. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 мамырдағы «Кәсіптік даярлықты бағалау және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың біліктілікке сәйкестігін растау қағидаларын бекіту туралы» №404 бұйрығына және «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандарды қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін біліктілік санатын беру туралы куәлікті беру және қайтарып алу қағидаларын, мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №531 бұйрықтарына сәйкес медицина қызметкерлерінің маман сертификаттары алынған.

Бұйрықтардың барлығы (жеке құрам бойынша, негізгі) күнделікті шығып, нөмірленген.

Ішкі аудит қызметі тұрақты жұмыс жасайды. Сенім телефоны жұмыс жасайды. Түскен шағымдар бойынша ішкі аудит кеңесінде дер кезінде талқыланып, шешімдер қабылданады.

Мемлекеттік сатып алу және жылдық жоспардың толықтай атқарылуы бойынша жүргізілген қызметтерін атап айтатын болсақ:

Тауарлар мен қызметтердің және жұмыстардың өнім берушілердің жолдаған актілері уақытылы қаралып және мерзімінде процессуалдық шешімдер қабылданған.

Өнім берушілердің Банктік кепілдік жарналарды тіркеу және қайтару процессуалдық әрекеттері, сонымен қатар бір көзден сатып алу тәсілдері бойынша атқарылған құжаттамаларында кемшіліктер анықталған жоқ.

Орталықтың сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету бойынша 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді.

Нақты айтқанда, Орталықта сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету бойынша барлық қызметкерлерге түсіндіру жұмыстары тұрақты

түрде жүргізіліп, оларға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық әрекеттерінің салдары түсіндірілуде.

Бұл бағытта Орталықта комплаенс-офицер, заңгер және басшылықтар тарапынан Кәсіпорын қызметкерлері арасында тұрақты түрде түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

Орталық мемлекеттік сатып алу, кадр, жұмысқа уақытша жарамсыз парақтарын беру және басқа да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жол берілуі мүмкін деген салаларының нормативтік құқықтық актілерін зерделеу, құжаттарының заң талабына сай жүргізілуі, жалпы алғанда Орталықта сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау бағытында бақылау шаралары тұрақты жүргізіліп отырады.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтік мінез-құлықты қалыптастыру, шектеулер, заңмен белгіленген тыйымдарды кеңінен насихаттау мақсатында Орталықта «Сенім телефоны», «Call center» орталығы, «Facebook» әлеуметтік желісі, өзіміздің арнайы сайты және т.б. халыққа қолжетімді бағдарламалар қарастырылған.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Орталықта бекітілген штат саны 581,25 бірлік. Оның ішінде дәрігерлер - 110,0 бірлік, фармацевтикалық білімі бар қызметкерлер - 4 бірлік, орта буын қызметкерлері – 262,25 бірлік, кіші буын қызметкерлері – 134,5 бірлік, басқа қызметкерлер – 74,5 бірлік. Қосымша қызметтегі жұмыскер ретінде – 18 дәрігер жұмыс жасайды. Біліктілік санаттылығы бойынша: дәрігерлердің санаттылығы – 68,5 пайыз, орта буын қызметкерлері – 61,6 пайыз.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

Тәртіптік шаралар бойынша барлығы 2025 жылы 78 қызметкерге қатысты тәртіптік шаралар қолданылған.

Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі.

Орталықта қызметкерлерді іріктеу мен тағайындау барасында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Кандидаттар үшін әркелкі жағдайлар жасау.

Кандидаттарды жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері

лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптары қатаң сақталады.

Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету бойынша.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс. Орталық тарапынан мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылданады.

Тікелей Бас дәрігер қызметкердің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауға, оның ішінде: 1) мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша қызметкердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды басқа қызметкерге тапсыруға;

2) қызметкердің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3) мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс. Қызметкердің, оның тікелей директор және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

Жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру.

Қызметкерлерге конкурстық іріктеу жүргізілмейді, лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру фактілері орын алмаған.

Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.

Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу заңнамалардың негізінде жүзеге асырылады.

Қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу тәртібі мен шарттарын тиісті заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылып келеді.

Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.

Қызметкерді көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. Тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге Орталық тарапынан сыйақы берілмейді және лауазымға жоғарылату жүргізілмейді.

Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.

Орталық қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған қызметкерлерге атқарған еңбегіне орай, мемлекеттік мерекелерде марапаттауға ұсыныс беріліп келеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдары
Жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

IV. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша.

2025 жылдың есепті мерзімі аралығында Орталық бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

V. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Орталықта мемлекеттік қызметтер бойынша еңбекке жарамсыздық парақтары беріледі.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру Орталықтың құзыреттілігінде көзделмеген.

VII. Бақылау функцияларын іске асыру.

Орталықпен бақылау функциялары іске асырылмайды.

VIII. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Мемлекеттік сатып алулар және жылдық жоспардың толықтай атқарылуы бойынша кемшіліктер анықталмады.

Тауарлар мен қызметтердің және жұмыстардың өнім берушілердің жолдаған актілері уақытылы қаралып және мерзімінде процессуалдық шешімдер қабылданған.

IX. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Орталықта ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша Орталықтың <https://orc-gov.kz/> сайты және «Е-Өтініш» электронды порталы арқылы өтініштерді тіркеу бағдарламасы жұмыс жасайды.

X. Орталықта ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:

Жеке және заңды тұлғалардан 2025 жылдың есепті мерзімінде барлығы 86 өтініш келіп түсті. Оның ішінде жазбаша түрде 18 өтініш, «Е-Өтініш» электронды порталы арқылы 33 өтініш қабылданды, олардың ішінде: арыз – 7, ұсыныс – 8, сұрау салу – 12, хабарлама – 6. Сондай-ақ, «Қолдау 24/7 (CRM)» қосымшасы арқылы 3 өтініш, ал CALL-орталыққа 21 ауызша өтініш тіркелді. Барлық өтініштерге қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде жауаптар берілді.

Сонымен қатар, Орталық қызметкерлеріне байланысты Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Ақпараттық сервисі» базасы бойынша тексеріліп, сотталмаған және айыппұлдар салынбағандығы анықталды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты теріс материалдар анықтауға мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ. Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ. Сот тәртібімен даулар деректері орын алмаған.

